

Түркістан облысының білім басқармасы
«Д.Құрманбек атындағы №20 колледж» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі

Мәжілісінің

ХАТТАМАСЫ

Шәуілдір ауылы

Өткізілген күні: 02.10.2023 жыл

Қатысқандар: 15 адам

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындалу барысы туралы.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы, колледж директоры Т.Бейсен «Д.Құрманбек атындағы №20 колледжі» МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамада көрсетілген кемшіліктерді жою бойынша орындалып жатқан жұмыстар барысына тоқталды.


Колледждегі бос орындарға орналасу кезінде кадрларды іріктеу үшін арнайы комиссия түзілді, іріктеу барысын хаттамамен рәсімдеп жүру кадр меңгерушісі Р.Смайылға тапсырылды. Тауарларды және қызметтерді сатып алу рәсімдері заң аясында, тиісті мерзімде өткізу қамтамасыз етілсін, сонымен қатар алдағы уақытта аталмыш кемшіліктерге жол бермеу мақсатында тиісті шаралар қабылданып, мемлекеттік сатып алу менеджері А.Құлымбетовке "Ескерту" беру ұсынылды. Колледждегі сатып алуды ұйымдастырған кезде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 1-тармағы 41 бабына сәйкес жүргізілсін, яғни бәсекелес ортаның болуы қамтамасыз етуін қадағалау бас есепші О.Сералиеваға тапсырылды.


Мақтарал аграрлық колледжінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 тамыздағы №576 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау және сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында арнайы жоспар түзіліп, осы бағыттағы барлық шаралар жүйелі түрде сапалы өткізіледі. Нормативтік құжаттарды бекіту, жоспар бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты колледж сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларға жариялау жұмысы жақсы жолға қойылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті ұйымдастыру үшін «Sanaly Ugraq» клубының мүшелері бастамасымен тақырыптық тренингтер мен бөлек семинарлар жоспары бекітілді.

Жиын соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты бірқатар сұрақтар төңірегінде талқылау жүргізілді, сұрақтар қойылды, ұсыныстар жасалды.

Қаулы:

1. Колледждегі сатып алуды ұйымдастыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 1-тармағы 41 бабына сәйкес жүргізілсін, бәсекелестік орта қамтамасыз етілсін. Қадағалау бас есепші О.Сералиеваға жүктелсін.
2. Мемлекеттік сатып алу менеджері А.Құлымбетовке "Ескерту" берілсін.
3. Қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруі, жастардың сыбайлас жемқорлықтан кез келген түрінен бас тартуына табандылық таныту мақсатында педагогтар мен студенттер арасында түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырылсын. Орындалуы директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Темірбекке жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:  Т.Бейсен

Хатшы:  Ж.Мұхтар